



# БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ТӨЛҚҰЖАТЫ

- 7M04201 – «Құқықтану» (ғылыми-педагогикалық бағыт)

## БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫ Ң МАҚСАТЫ

«Заң ғылымдарының магистрі» академиялық дәрежесі бар, іргелі білімі мен практикалық дағдылары бар, ғылыми – зерттеу жұмысын және заңгерлік бағыттағы педагогикалық қызметті дербес жүргізуге қабілетті заңгерлерді даярлау.

## КӘСІБИ ҚЫЗМЕТ САЛАСЫ

Білім беру және тәрбиелеу, сондай-ақ ғылыми қызмет, мемлекеттік басқару, заңгерлік білім берумен байланысты құқықтық реттеу

# ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІ (ОН)

**ОН1** - мамандықтың жоғары әлеуметтік маңыздылығын, кәсіби этика принциптерін түсінеді, пәндік саланы, ғылыми өлшемдерді, ғылым, білім беру жүйесінің даму тенденцияларын, нормативтік құқықтық актілерді және электрондық құжаттаманы жүргізу негіздерін ғылыми-педагогикалық қызметте пайдаланады;

**ОН2** - *психологиялық және педагогикалық зерттеу әдістерін меңгерген, өнімді, гипотезаны, құбылысты немесе оқиғаны жүйелі түсіндіру үшін әртүрлі көздерден алынған ақпаратты талдайды, синтездейді, шығармашылықпен түрлендіреді, педагогикалық қызметке шығармашылық, зерттеушілік көзқарас танытады;*

**ОН3** - Әлеуметтік және кәсіби мәселелерді шешуде философиялық мәселелерді талдай және бағалай алады;

**ОН4** - ғылыми зерттеулердің ең өзекті бағыттарын таңдауға, зерттеу міндеттерін қоюға және қойылған міндеттерді шешу тәсілдерін айқындауға қабілетті, Жалпы ғылыми зерттеу әдістерін түсінеді және меңгерген, осы әдістерді құқықтық зерттеулерде қолдана біледі;

**ОН5** - нормативтік құқықтық актілердің жобаларына заң сараптамасын жүргізуге, оның ішінде оларда сыбайлас жемқорлық көріністеріне жағдай жасауға ықпал ететін ережелерді анықтау мақсатында қатысуға, білікті заң қорытындыларын және заң қызметінің нақты салаларында консультациялар беруге қабілетті;

**ОН6** - құқықтық қызметтің нақты салаларында нормативтік құқықтық актілерді білікті қолдануға, кәсіби қызметте материалдық және іс жүргізу құқығының нормаларын іске асыруға қабілетті;

# ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІ (ОН)

**ОН7** - нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге, заң жобаларына қорытынды жасауға қабілетті;

**ОН8** - анықтамалық құқықтық жүйелермен, кітапханалық электрондық ресурстармен жұмыс істеу дағдыларын меңгерген, заң пәндерін жоғары теориялық және әдістемелік деңгейде оқытуға қабілетті;

**ОН9** - өз бетінше оқуға және зерттеудің жаңа әдістерін әзірлеуге, қызметтің ғылыми және ғылыми-өндірістік бейінін өзгертуге; инновациялық ғылыми-білім беру қызметіне қабілетті;

**ОН10** - ғылыми ақпаратты іздеуге, сыни талдауға, жалпылауға және жүйелеуге, зерттеу мақсаттарын қоюға және оларға қол жеткізудің оңтайлы жолдары мен әдістерін таңдауға қабілетті;

**ОН11** - шет тілін ауызша және жазбаша түрде қарым-қатынастың оқу, ғылыми, кәсіби және әлеуметтік-мәдени салаларында, шет тіліндегі мамандық терминологиясында қарым-қатынасты жүзеге асыру үшін біледі, жарияланымдар дайындайды, презентациялар өткізеді, пікірталастар жүргізеді және шет тілінде ұсынылған жұмысты қорғайды;

**ОН12** - қолданыстағы талаптарға сәйкес, оның ішінде электрондық-есептеу техникасы құралдарын пайдалана отырып, ғылыми жұмысты ресімдеу дағдыларын меңгерген.